

МЕН СОҒЫС БАЛАСЫМЫН

Соғыскам жоқ, соғыстың
 баласымын,
Қаны жұтқан, қан соғыс
 жарасының.
Анам берген айранды талап
 ішкен,
Соғысығаным қаптаған қара
 шыбын.

Естігенім екі сөз соғыс неміс,
Азаматтар аттанған қалмай тегіс.
Анам байғұс колхоздың
жұмысында,
Деп тілейді болады деп қашан
женіс.

Көрсетіп әкеміздің жүдеген суретін,
 Деуші-еді бізді анамыз тірі жетім.
 Жұмыстан шаршап келіп бізді
 Қасірет-қайғы қабағынан аймалап,
 білінетін.

Аш құрсақпын, тамаққа
жарымадым,
Әкем келді соғыстан танымадым.

Әкем шешем колхозда еңбек етгі,
Аман қалып аштықтан
арымадым.

Зардабы қан соғыстың ауыр болды,
Адам арып, күш көлік жауыр болды.
Елу үште молшылық егін шығып,
Нанға жарып, жағдай тәуір болды.

Соғыспадық неміспен қару ұстап,
Зардабынан қан соғыс көрдік
қыспақ.
Басты байлық, ел тыныш,
бейбітшілік,
Тәубе! дейміз тәуелсіздік
туын ұстап.

Алтай СМЕТ,
Шет ауданының Құрметті
азаматы,
Халықаралық жазушылар
Одағының мүшесі.